

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Топтық мінез-құлықтың ерекшеліктері

3-тарау. Конформизм. Иландыру. Агрессия





Дәрістің мақсаты: оқырмандардың топ, топтық поляризациясы, топтық ойлау және азшылықтың әсері туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Топтық поляризация;
2. Ойлаудың шоғырлануы;
3. Шағын топтардың ықпалы.

Топтық поляризация

Екі тараптың да адамдары, негізінен, өз мүдделестерімен сөйлесетіндіктен, көптеген дау-жанжалдар өрши түседі. Топтағы адамдардың өзара ықпалдасуы көбіне қандай нәтиже береді – жағымды ма, жағымсыз ба?

Шағын топтардағы адамдарды зерттеу арқылы жағымды да, жағымсыз да нәтижелерді түсіндіруге көмектесетін қағида анықталды: топтық пікірталас көбіне оның мүшелерінің о бастағы ұстанымдарын нығайта түседі. «Топтық поляризация» деп аталған осы қағиданы зерттеуді қарастырсақ, танымдық процесті бақылауға болады, яғни қызықты жаңалықтар кейде ғалымдарды асығыс және жаңсақ тұжырымдарға жетелейді, алайда, сайып келгенде, бұл тұжырымдар анағұрлым дұрыс және нақты қорытындылармен алмастырылады.

«Тәуекелді жылжу» туралы іс сол кездегі Массачусетс Технологиялық институтының аспиранты Джеймс Стонердің тамаша жаңалығы 300-ден астам зерттеуге түрткі болды. Менеджмент саласындағы магистр дәрежесі үшін жазылған диссертациясында Стонер «топ жеке адамға қарағанда біршама сақ болады» деген кең тараған пікірді тексерді. Ол шешім қабылдау дилеммасы туындайтын жағдай туғызып, қатысушыларға тапсырма ретінде ойдан шығарылған бір кейіпкерлерге қаншалықты тәуекелге баруға болатынына байланысты кеңес беруді тапсырды. Өзіңізді экспериментке қатысушының орнына қойып көріңіз: төменде келтірілген жағдайда кейіпкерге қандай кеңес берер едіңіз?

Элен – айтарлықтай шығармашылық қабілеті бар жазушы, алайда осы күнге дейін ол өмірін қамтамасыз етуге қажетті қаржыны арзан вестерндер жазумен тауып келді. Жақында оның ойына күрделі романға сай идея келді. Егер бұл роман жазылып, оқырмандардың көңілінен шықса, әдебиеттегі айтулы оқиға саналып, Эленнің мансап сатысындағы маңызды бір белеске айналмақ. Екінші жағынан, Элен өз ойын іске асырып, бірақ роман оқырмандар тарапынан қабылданбайтын болса, ол қаншама уақыты мен күшін ешбір қайтарымсыз іске сарп етпек. Енді өзіңізді Эленге кеңес беретін адам ретінде елестетіңіз. Ол осы романды жазуға тырысып бағуы үшін табыс ықтималдығын көрсетіңіз.

Элен романды жазуға кірісу үшін оның табысты болуының ықтималдық деңгейі қандай болады:

- 10-нан 1
- 10-нан 2
- 10-нан 3
- 10-нан 4
- 10-нан 5
- 10-нан 6
- 10-нан 7
- 10-нан 8
- 10-нан 9
- 10-нан 10

Өз шешіміңізді қабылдаған соң, әдеттегі оқырманның қандай кеңес беретінін ойлап көріңіз.

Осыған ұқсас он шақты мәселеге қатысты өз шешімін білдіріп, бес немесе соған жуық сынақтан өтуші өз ұсыныстарын алға тартып, олардың әрқайсысы бойынша ортақ келісімге келуге тиіс болатын. Сіздің пікіріңізше, топтық шешім мен талқылауға дейінгі орташа шешім бір-



біріне сай бола ма? Топ құрамында болғанда сынақтан өтушілер үлкен тәуекелге баруға немесе абай болуға кеңес бере ме әлде топта талқылау оған дейінгі нәтижеге ешқандай әсер етпей ме?

Бір таңғаларлығы: топтық шешімдер біршама тәуекелшіл болып шықты. «Тәуекелге қарай жылжу» деп аталған бұл феномен топтардың қандай тәуекелге баруға дайын болатынына байланысты зерттеулер «толқынына» түрткі болды. Эксперимент нәтижелерінің көрсетуінше, бұндай әсер топтан ортақ келісім қажет болғанда ғана байқалмайды: қысқаша талқылаудан соң, адамдар өздерінің жеке шешімдерін де өзгертетін болған.

Топтағы пікірлер басымдық ала бастай ма? Бұл топтық феномен тәуекелді арттыруға дәйекті жылжу болып саналмайтынын түсінгендіктен, біз оны топ мүшелерінің бастапқы болжалдарын арттыру мақсатымен топтық талқылауға беталыс ретінде қайта қарастырдық. Бұл идея зерттеушілері француз ғалымдары Серж Московичи мен Мариса Заваллони топтың поляризациясы деп атаған, талқылау, әдетте топ мүшелерінің орташа икемін күшейтеді деген ұсынысқа жетеледі.

Топтық поляризация бойынша эксперименттер

Топтағы талқылаудан туындайтын өзгерістерге деген бұл көзқарас эксперименттің қойылымына байланысты ой салды: оның барысында адамдар топ мүшелерінің басым көпшілігі келісетін немесе, керісінше, келіспейтін пікірді талқыға салды. Топтың ықпалынан туындаған өзгерістерге деген бұл жаңа көзқарас эксперимент жүргізушілерін топ мүшелерінің басым бөлігі қолдайтын немесе басым көпшілігі жақтамайтын ұстанымдарын ортаға салуға итермеледі. Топтағы пікірталас олардың бастапқы пікірлерін күшейте ме? Оның құрамындағы тәуекелшілдер одан бетер тәуекелшіл, фанатиктер одан бетер өш, ал қайырымды адамдар одан бетер жомарт бола ма? Топтық поляризация гипотезасы осындай нәтижені болжамдайды

Табиғи жолмен пайда болатын топтық поляризация

Күнделікті өмірде адамдар, әдетте, ұстанымдары өз көзқарастарына ұқсас адамдармен жақындасып жатады. Өзіңмен пікірлес адамдармен араласу жалпы ұстанымдарды нығайта ма? Кітапқұмар адамдар одан бетер кітапқұмар, спортқа берілген адамдар одан бетер спортшыл, бүлікшіл адамдар одан бетер бүлікшіл болып кете ме? Ия, сондай болып тұрады. «Ұл балаларды – ұлдар тобына, қыздарды – қыздар тобына шығару олардың о бастағы аса байқалмайтын айырмашылықтарын арттыра түседі», – дейді Элеонор Маккоби. Ұлдар ұлдарға қосылғанда, біршама бәсекеге қабілетті және өздерінің өзара ойын ережелеріндегі және өміріндегі ойдан шығарылған әрекеттеріне бағдарланып кетеді. Қыздардың ортасында қыз балалар қарым-қатынас құруға көбірек бағдарланады.

Қауымдастықтардағы топтық поляризация

Адамдар өз-өзімен оқшауланатындықтан, поляризация қауымдастықтарда да болып отырады. Іс жүзіндегі жанжалдар барысында қауымдастықтардағы мүдделестер өздерінің ортақ беталыстарын нығайта отырып, жиірек бірлесіп, ассоциациялар құрады. Бандалардың қылмысы мүшелерінің міндеттері мен әрекеттері келісілген көршілес бандалардың өзара қолдау көрсетуі барысында үдей түседі.

Интернеттегі топтық поляризация

«Электронды пошта, Google мен чаттар шағын топтар үшін мүдделестермен бірігуді жеңілдетеді, шашыраңқы жеккөрушілікті өңдей түсіп, өлімге жетелейтін күшті жұмылдырады»,



– деп атап өтті Роберт Райт. Интернеттің шексіз виртуалды топтары бітімгерлер мен неонацистерге, әлеуметтік қастандық ұйымдастырушылар мен обырдан сауыққан адамдарға өздерінің мүдделестерін тауып, ортақ мәселелеріне және күмәнді сауалдарына жауап іздеуге қолдау көрсетуге жол ашады.

Ақпараттық ықпал

Ең үздік анықтамаға сай, топтық талқылау барысында доминантты көзқарасты қолдайтын идеялардың біріктірілуі жүзеге асады. Талқыланатын идеялардың кейбірі топ мүшелері үшін ортақ. Идеялардың басқалары топ мүшелерінің кейбірі ертеректе қарастырмаған сенімді дәлелдерді қамтуы мүмкін. Жазушы Эленге қатысты мәселені талқылау барысында біреулер былай деуі мүмкін: «Эленнің тәуекелге барғаны жөн, себебі – ол ештеңе жоғалтпайды. Егер оның романы табысты болмаса, ол арзан вестерндер жазуға қайта кірісе алады». Осындай пайымдарда, көбіне, адамның дәлелдері туралы ақпарат пен оның осы мәселеге қатысты көзқарасы шатасып жатады. Алайда, егер адамдар орынды дәлелдер еститін болса, олар осы дәлелдер қолдау көрсететін нақты көзқараспен таныспай-ақ, өз ұстанымын өзгерте береді. Дәлелдер өздігінен-ақ орынды болып санала береді.

Нормативті ықпал

Поляризацияның екінші анықтамасында, ең алдымен, өзіңді басқалармен салыстыру үдерісі ескеріледі. Леон Фестингердің көпшілікке мәлім «әлеуметтік салыстыру» теориясында келтірген дәлеліне сәйкес, адам табиғатында өз пікірі мен қабілеттерін бағалауға деген ынтызарлық бар, ал мұны жүзеге асырудың бір ғана жолы – өз пікірлерімізді басқалардың пікірімен салыстыру. Бұл жерде өздеріне тиесілі деп санайтын топ мүшелері барынша ықпал етеді. Оған қоса, айналамыздағылар біздің көзқарастарымызды құптайтынын байқасақ, басқаларға ұнау үшін біз біршама қатаң пікірлер білдіре бастауымыз мүмкін.

Топтық поляризацияны зерттеу әлеуметтік-психологиялық зерттеудің күрделілігін байқатады. Түсіну процесін жеңілдету үшін феноменге берген анықтамамыз бізге қаншалықты ұнаса да, бір анықтама сирек жағдайда барлық деректер үшін қонымды болатынын есте ұстауымыз қажет. Себебі адамзаттың табиғаты аса күрделі, көбіне нәтижеге бір ғана ықпалдан гөрі әлдеқайда көп түрткі әсер етеді. Топтық талқылау барысында нақты мәні бар элементке ие нанымды дәлелдер салмақтырақ болады. Әлеуметтік салыстыру құндылықтарды қамтитын пайымдарға қатысты жауаптарды өзгертіп жібереді. Нақты және құнды қырлары бар мәселелердің көбінде осы екі ықпал бірге қолданыс табады. Басқалардың сенің сезімдеріңді құптайтынын білу әрбір адамның ішкі қалауларын қолдай отырып, дәлелдерін келтіруге жол ашады.

Топтық поляризация феномені зерттеушілердің топтар ықпалын зерттеуге арналған «терезесі» болып саналады. Эксперименттер топтық ықпалдың екі түрін ажыратады: ақпараттық және нормативтік. Талқылау барысында жинақталған ақпарат, ең алдымен, о бастан ұнамды нұсқа үшін орынды болып, оны қолдауды күшейтеді.

Ойлаудың шоғырлануы

Топтық ықпал дұрыс шешім қабылдауға кедергі келтіретін жағдайларды сипаттай аласыз ба? Сондай-ақ қандай жағдайларда сәтті шешім қабылдауға қабілетті болатынын және ең оңтайлы шешім қабылдау үшін оны қалайша басқару қажет?

Біз жоғарыда қарастырған әлеуметтік-психологиялық феномендер корпорация кеңестері мен министрлер кабинеті сияқты тәжірибелі, көпті көрген топтарда көрініс таба ма? Ол жерде де өзін-өзі ақтау кездесе ме? Ал өз пайдасына қарай бейімділік ше? «Біз сезімі» конформизмге



және қайшылықтардан бас тартуға жетелей ме? Көпшілік алдында жария ету өзгерістерге қарсы тұруға себеп бола ма?

Әлеуметтік психолог Ирвин Янис осы феномендер жақын арадағы америкалық президенттер мен олардың кеңесшілері қабылдаған табысты және сәтсіз топтық шешімдерді түсіндіруге жол аша ма деген сауалдың жауабын іздеді. Осы мақсатта ол орасан сәтсіздікке алып келген шешімдердің қабылдану процесін саралап көрді.

Шошқалар шығанағына жасалған шабуыл

1961 жылы президент Кеннеди мен оның кеңесшілері орталық барлау бюросы даярлаған 1400 кубалық эмигранттың Кубаға басып кіруі арқылы Фидель Кастроны орнынан тайдыруға әрекет жасалды. Десантшылардың бәрі дерлік тез арада өлтіріліп немесе тұтқынға алынды, АҚШ-тың абырой-беделіне айтарлықтай нұқсан келіп, Куба Кеңес Одағымен одан әрі жақындасты. Басып кірудің нәтижелерін естігенде Кеннеди өз таңданысын білдіріп: «Біз не-ліктен осыншама ақымақ болдық?» – деді.

Джанистиң пікірінше, мұндай өрескел қателіктер топ шешімдерін қабылдаушылардың топтық үйлесімдікті сақтап қалу үшін өз келіспеушілігін басып отыруы себебінен болады, ол бұл феноменді «ойлаудың топтастырылуы» деп атады. Жұмыс топтарындағы командалық рух моральдық орта мен өнімділікті арттырады. Топтың бірлескен сәйкестендіруі адамдарды ортақ жоба барысында табандылық танытуға ынталандырады. Алайда шешім қабылдау жағдайында ынтымақтастықтың өз құны болады. Джанистиң пайымдауынша, топтық ойлау жүзеге асатын орта мыналарды қамтиды:

- тату, ынтымақты топ;
- топтың көзқарастарымен келіспейтіндерден салыстырмалы түрде оқшаулану;
- қандай шешімді жөн көретіні жайында белгі беретін директивті көшбасшы.

Мысалы, Шошқалар шығанағына сәтсіз шабуылды жоспарлау барысында жаңадан сайланған президент Кеннеди мен оның кеңесшісі ынтымақтастық сезіміне тым беріліп кетті. Сыни уәждер барынша басылып айтылмай жатты да, президент тез арада шабуыл жасау туралы бұйрыққа қол қойды.

Топтық ойлаудың белгілері немесе симптомдары

Түрлі оқиғаларға қатысушылар мен бақылаушылардың тарихи мұрағаттардағы жазбалары мен естеліктерін зерделей отырып, Джанис топтық ойлаудың сегіз белгісін анықтады. Бұл белгілер топ мүшелері қайшы пікірдің туындау қаупіне тап болғанда және өздерінің топтық сезімдерін қорғауға талпынғанда пайда болатын диссонансты немесе қайшылықты азайтудың ұжымдық ұмтылыстарының салдары болып саналады.

Осы белгілердің алғашқы екеуі топ мүшелері өз топтарының мүмкіндіктері мен құқықтарын асыра бағалағанынан туындайды.

• Мығымдық иллюзиясы. Джанис зерттеген топтардың бәрі асыра оптимистік көзқарас ұстанып, соның салдарынан қауіп-қатерлердің белгілерін байқамайтын болған. Жапон ұшақ тасығыштарымен радиобайланыс үзілгенін естігенде, Перл-Харбордағы бас әскери-теңіз офицері, адмирал Киммел «қазір жапондықтар Гонолулудың Алмаз басын айналып жүрген болар» деп әзілдеді. Ол расымен де солай еді, алайда адмиралдың әзілі бұл идеяны шындап тексеруге мүмкіндік бермеді.

• Топ әдептілігіне мүлтіксіз сену. Топ мүшелері топқа тән мүлтіксіз ізгілікке сеніп, әдеп пен адамгершілік мәселелеріне байланысты барлық ой-пікірлерді теріске шығарып отырады. Кеннеди тобының мүшелері кеңесші кіші Артур Шлезингер мен сенатор Уильям Фулбрайттың шағын көрші елге басып кіру туралы адами тұрғыдан күмәні бар екенін білетін. Алайда топ бұл адамгершілік мәселелеріне ешқашан мән беріп, оны талқылаған емес. Сонымен қатар топ мүшелері ақыл-парасат тұрғысынан «керең» болып қалады.



- Рационализация. Өз шешімдерін ұжымдаса ақтай отырып, топ түрлі мәселелерді «итеріп» тастайды. Президент Джонсонның «Сейсенбі күнгі түстену тобы» уақытының басым бөлігін соғысты жалғастыруға қатысты шешімдерін саралап, қайта қараудың орнына оны рационализациялауға жұмсайтын. Әрбір бастама өзін қорғау және өзін ақтауға байланысты науқанға айналып кететін.
- Қарсыласқа стереотипті көзқарас. Топтық ойлауға беріліп кеткендер өз қарсыластарын бітімге келуге тым қатерлі немесе олардың жоспарлаған әрекетінен өзін қорғау үшін тым әлсіз және ақымақ ретінде қабылдайды. Кеннедидің тобы өздерін Кастро әскері тым әлсіз, ал оның халық арасындағы абырой-беделі тым осал, сол себепті бір ғана бригада оның орнатқан режимін әп-сәтте-ақ қиратады деп сендірді. Сайып келгенде, топтар біртектілікке жетелейтін қысымнан зардап шегеді
- Конформизмге жасалатын қысым. Топ мүшелері оның пікірлері мен жоспарларына қатысты күдікпен қарайтындарға кей кездері нақты дәлелдермен емес, олардың жеке басына тиетін әжуә-мазақ арқылы тойтарыс береді.
- Өз-өзіне сеніммен қарау. Ыңғайсыз келіспеушіліктерден құтылу үшін топ мүшелері өз күмәнін жасыруды немесе ысырып тастауды жөн көреді. Кубаға шабуыл жасалғаннан кейінгі айларда Артур Шлезингер өзін былай деп жазғырды: «Мәжіліс бөлмесіндегі шешуші пікірталас кезінде үнсіз қалғаным жөн болмады, бірақ менің осы шешімді таласқа салмағаным үшін өзімді-өзім кінәлау сезімім «қыңқылдақ» деген атаққа қалғаннан басқа ешбір нәтиже әкелмейтінін білгендіктен басылды».
- Пікірлестік иллюзиясы. Өз-өзіне сынмен қарау және конформизм пікірлестік иллюзиясын құратын бәтуаның бұзылуына жол бермейді. Оның үстіне, елестетпе бәтуа топтық шешімнің дұрыстығын растайды. Бәтуаның иллюзиясы жоғарыда қарастырылған үш оқиғаның және оларға дейін, олардан кейін болған басқа сәтсіз жағдайлардың бәрінде болғаны анық.
- «Ақыл-ойды қорғаушылар». Топтың кейбір мүшелері оны топтық шешімдердің тиімділігіне күмән тудыратын немесе олардың адамгершілік сипаты туралы сауалдарды қозғайтын ақпараттан қорғайды. Шошқалар шығанағына немесе Кубаға шабуыл жасаудың алдында Роберт Кеннеди Шлезингерді оңаша шақырып алып, «Ешкімге ауыз ашпаңыз» деп сыбырлады. Мемлекеттік хатшы Дин Раек дипломаттар мен барлаушылардың шабуылға қарсы наразылықтарын тежеп отырды. Осылайша, олар президенттің «ақыл-ойды қорғаушылары» ретінде қызмет атқарып, оны дене зақымдарынан емес, келіспеушілік мүмкіндіктерінен қорғады.

Топтық ойлаудың белгілері қарама-қарсы ақпарат пен балама мүмкіндіктерді іздеуге және талқыға салуға қабілетсіз етуі мүмкін. Топ жетекшісі идеяны алға тартып, ол өзін келіспейтін көзқарастардан оқшаулаған кезде топтық ойлау қате шешімдерге алып келуі ықтимал.

Топтық ойлауды сынау

- Топтық ойлау тұжырымдамаларының көңілге қонымдылығы мен танымалдығына қарамастан, кейбір зерттеушілер оларға күмәнмен қарады. Дәлелдер өткенді шолу арқылы алынған мәліметтерден жинақталғандықтан, Джанис растаушы фактілерді іріктеп алуы мүмкін еді. Дегенмен кейінгі эксперименттер оның теорияларының барлық қырларын дәлелдеп берді:
 - Тікелей басқарушылық, расымен де, шешімдердің біржақтылығымен ерекшеленеді, себебі бағынышты адамдар өз пікірін білдіру үшін өздерін тым әлсіз немесе сенімсіз сезінеді.
 - Топтар күрделі ақпаратты қолдауды құп санайды.
 - Қатысушылары қабылдауды, мақұлдауды және әлеуметтік сәйкестікті іздей отырып, топқа бет бұрғанда, ұнамсыз ойлардан құтылуға тырысады.
 - Әдетте дұрыс шешім қабылдайтын топтарда әлеуметтік ұстанымы бар топ мүшелері біріге отырып, мәселеге қатысты өз пікірлерін кезекпен білдіріп, кеңінен талқылайды.
 - Мүшелері түрлі көзқарасты ұстанатын топтар пікірлестер топтарынан озық болады. Көзқарасы сіздікінен өзгеше адамдарды тарту сізге қолайсыздықтар тудыруы мүмкін. Дегенмен пікірлес мүшелерден құралған топтармен салыстырғанда, ұстанымдары әртүрлі



адамдардан тұратын топтар, әдетте көбірек идея қосып, шығармашылыққа әлдеқайда бейім болады.

Топтың табыстылығы оның мүшелерінің білімі мен осы ақпаратты қаншалықты тиімді қолдана алатынына байланысты. Талқылау барысында тыңдаушыға дұрыс жеткізілмеген ақпарат жиі ескерілмей қалады, себебі негізгі әңгіме топтың барлық мүшелері онсыз да білетін нәрселер төңірегінде өрбиді.

Топтық ойлаудың алдын алу

Теріс топтық динамика көптеген сәтсіз шешімдерді түсіндіруге көмектеседі: кейде аспазшы саны көп болса, тағамның дәмі кетеді немесе қойшы көп болса, қой арам өледі. Алайда көшбасшылық ашық болса, ұйымшыл командалық рух шешімдерді оңтайландыруы мүмкін. Кейде екі немесе одан көп бас, бір бастан артық болады.

Жақсы шешімдердің қабылдануына қолайлы жағдайларды іздеу барысында Джанис тағы да сәтті шыққан екі іс-шараны талдап көрді: бірі – Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропаны бұрынғы гүлденген қалпына келтіру үшін Трумэн әкімшілігінің Маршалл жоспарын жасауы және 1962 жылы Кеннеди әкімшілігінің Кеңес Одағының Кубада ракеталық базаларын орнату талпынысын сәтімен шешуі. Топтық ойлаудың алдын алуға байланысты Джанистің ұсыныстары осы екі жағдайда да қолданылған тиімді топтық процедуралардың көбісін қамтиды.

- Әділ болу – ешбір ұстанымды артық көрмеу;
- Сыни бағалауды көтермелеу; «ібілістің адвокатын» тағайындау;
- Арасында топты бөліп-жарып, содан соң қайтадан басын қосып отырыңыз, бұл айырмашылықтарды нақтылайды.;
- Сыртқы сарапшылар мен серіктестердің сынын қабыл алыңыз;
- Алдын ала шешімді жобалап алған соң, «екінші деңгейлі мәжіліс» жасаңыз, оның барысында топтың әр мүшесінен ойында қалған күмәнін ортаға салуды өтініңіз.

Топтық ойлау және топтық әсері

«Топтық ойлау» деп аталатын осынау бір үйлесімдікке деген тежеусіз талпыныстың белгілері мынадай: 1) мығымдық иллюзиясы 2) рационализация/оңтайландыру, 3) топтың әдептілігіне деген талассыз сенім, 4) қарсыласқа деген стереотипті көзқарас, 5) конформизмнің қысымы, 6) күдіктерге қатысты сыни талдау жасау, 7) пікірлестік иллюзиясы, 8) топты жағымсыз ақпараттан сақтайтын «ақыл-ойды қорғаушылар». Сыни пікір білдірушілер Джанистің топтық ойлау үлгісінің кейбір қырлары басқаларға қарағанда, жаңсақ шешімдермен көбірек байланысты екенін атап өтті.

Шағын топтардың ықпалы

Әлеуметтік қозғалыстардың барлығының дерлік бастауында көпшілікке ықпал ететін азшылық тұрады, кейде бұл көпшілікке ауысып отырады. «Бүкіл тарих, – деп жазады Ральф-Вальд Эмерсон, – азшылықтың, соның ішінде, бір адамнан тұратын азшылық құдыретінің шежіресі болып табылады». Ал енді осы азшылықтың сенім тудыруына не көмектеседі? Артур Шлезингер Кеннеди тобын райынан қайтарып, Кубаға шабуыл жасауға қатысты қауіп-қорқынышқа мән бергізу үшін қандай іс-әрекет жасауы тиіс еді? Серж Московичидің Парижде жүргізген эксперименттері азшылық топтардың ықпалының бірнеше факторын анықтауға жол ашты: яғни ол, дәйектілік, өз-өзіне сенімділік және ескі көзқарастардан арылу.

Дәйектілік. Өз ұстанымына берік азшылық, өз көзқарасына күмәнмен қарайтын азшылыққа қарағанда біршама ықпалды болады. Московичи мен оның көмекшілері мынадай бір қызық ерекшелікті анықтады: егер азшылық көк түсті жолақтарды жасыл түсті деп үнемі сендіретін



болса, көпшіліктің өкілдері бұл сөзбен біртіндеп келісе бастайды. Дегенмен азшылық көк түсті жолақтардың үштен бірін «көк», ал басқаларын «жасыл» деп атаса, көпшіліктің құрамындағы бірде-бір адам оларды «жасыл» деп атамайды.

Өз-өзіне сену. Дәйектілік пен табандылық адамның өз-өзіне сенімін көрсетеді. Оның үстіне, Немет пен Джоэль Уачтлер үстел басындағы төрден орын алу ниеті сияқты өз-өзіне сенімді азшылықтың кез келген әрекеті көпшілік арасында өз-өзінен күмәнмен қарауға итермелейді. Азшылық топтың қуатты және қажырлы сенімділігін сезіну көпшілікті өз көзқарастарын қайта қарауға мәжбүрлейді. Дегенмен, бұл қоғамдық пікір мәселелеріне қатысты нақты ақпарат емес.

Көпшіліктен бас тартатындар. Бірбеткей азшылық пікірлестіктің кез келген иллюзиясын бүлдіреді. Ол көпшіліктің даналығына үнемі күмәнмен қарайтын болса, өз-өздеріне сын көзбен қарау арқылы ойындағы күмәнін жасыратын көпшілік өкілдері бұдан кейін өз ойын ашық айтып, тіпті, азшылықтың тарапына өтіп кетуден де қысылмайды. Питтсбург университетінің студенттері арасында жүргізілген эксперимент барысында Джон Левин көпшіліктен бас тартқандар азшылықтың ең табанды өкілдерінен анағұрлым сенімді болатынын анықтады. Сот алқабилеріне еліктеу жөніндегі эксперименттерінде Немет азшылық тарапына ауысатындар пайда болысымен, қалғандардың бәрі жаппай ескі ұстанымынан бас тартатынын дәлелдеді.

Көшбасшылыққа азшылықтың ықпалы. Әлеуметтік психологтар басым жағдайда жақсы көшбасшыға тән болатын ортақ қасиеттер бар ма деген сұрақты қайтадан ортаға салды. Түрлі тапсырмалардың жетекшілері, әдетте, директивті стильге сүйенеді, яғни орынды бұйрықтардың көмегімен жұмысын жөнді және айтарлықтай нәтижелі орындайды. Мақсатқа ұмтылғыш болатын мұндай көшбасшылар топтың назары мен күш-қуатын оның міндетіне бағыттап біледі.

Әлеуметтік көшбасшылар, әдетте демократиялық стильді ұстанады, яғни олар билікті басқа адамдарға иелік етуге сеніп тапсырады, команда мүшелерінің үлесіне қолдау көрсетеді және топтық ойлаудың алдын алуға көмектеседі. Әлбетте, топтар да өз көшбасшыларына ықпал етеді. Кей кездері қатарының алды болған тұлғалар өздерінің барар бағытын жай ғана сезіп отыратын болады. Саяси үміткерлер әлеуметтік сұрауларды дұрыс «оқи» алады. Топ көзқарастарын жіктей алатын тұлғалар көшбасшы ретінде сайланады: топ стандарттарынан мүлде алшақ адамның жетекші ретінде мойындалуы екіталай. Көреген көшбасшылар көпшіліктің пікірін ескеріп, өз ықпалын тиімді қолданады.

Қорытынды

Көпшіліктің пікірі көбіне басым болатынына қарамастан, кей кездері азшылық та көпшіліктің қалыптасқан ойына ықпал етіп, оны, тіпті, өзгертіп жібере алады. Көпшілік азшылықтың пікірін қабыл алмаса да, азшылықтың ұстанымы оның өз көзқарастарына қатысты күмәнін тудырып, оны басқа баламаларды қарастыруға ынталандыруы мүмкін. Бұл әдетте дұрысырақ, анағұрлым шығармашыл шешімдердің қабылдануына жетелейді.

Эксперименттерде азшылық өз ұстанымдарына қатысты бірізділік пен табандылық танытқанда, шағын топтың әрекеттері өз-өзіне сенімділік байқатса, анағұрлым ықпалды болып, көпшіліктің ой-пікірін өзгертетіні байқалды. Өз міндеті мен әлеуметтік басқарушылықтың арқасында топтардың ресми және бейресми жетекшілері түрлі деңгейде ықпал жасай алады. Өз мақсатына жүйелі ұмтылатын, өз-өзіне кәміл сенетін, харизмаға ие жетекшілер көбіне басқалардың сенімін тудырып, өз соңынан еруге ынталандырады.